(6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған Оспанова Гулмария Турысбековнаның «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Оспанова Гулмария Турысбековнаның 6D021400/8D02308 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді. Ғылыми кеңесшісі: ф.ғ.к., А.Ш. Асқарова, Шетелдік кеңесші: доктор, профессор Диана Немец-Игнашева
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3)Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-	Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: 1. Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). 2. ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.), «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдаулары, Мемлекет басшысының 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы.

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттары.
2.	Ғылымға маңыздылы-ғы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс тақырыбы өзекті, сондықтан да ғылымға *өз* үлесін қосады деуге болады. Этномәдени құндылықтар және оның көркем әдебиет арқылы көрініс тауып, дәріптелуі тұрғысында қазіргі заманғы әлеуметтік ортаның жағдайы, не жеке тұлғаның кісілік қалпы, құлқы мен әрекеті және оның көркем образ деңгейінде ашылу құбылыстары – арнайы зерделеуді қажет ететін маңызды факторлар. Сондықтан, қазіргі уақытта әлеуметтік орта құндылықтарын ғылымның әр саласында (әлеуметтану, психология, тарих, педагогика) арнайы зерттеу нысаны етіп қарастырады. Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижесі бойынша тақырыптың маңыздылығы айқындалып, зерттеу тақырыбы толықтай ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу принципі бойынша жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында барлық академиялық жазу қағидалары орындалып, барлық стильдік ерекшеліктер мен талаптар қатаң сақталған. Докторант жан-жақты ғылыми зерттеу жүргізіп, отандық және шетелдік ғалымдардың этномәдени құндылықтарға қатысты ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, көркем мәтіндерге талдау жүргізе отырып, тың тұжырымдар жасайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Зерттеу тақырыбының өзектілігін ашу үшін негізгі екі тарауға, әр тарау үш тараушаға бөліп қарастырған. Қазіргі жаһандану дәуірінде көп өзгерістерді сіңіріп, түлеп, трансформацияланып жатқан этномәдени құндылықтардың әдеби шығармадағы көрінісі – тарихи, әлеуметтік, ұлттық мәнмәтінге байланысты қолданбалы әрі көп мәнге ие философиялық, эпистемологиялық, ғылыми-

			теориялық ұғым-түсініктердің жиынтығы мәнінде қарастырылған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» тақырыбындағы диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды. Оспанова Гулмария Турысбековнаның тақырыпты ашу үшін кешенді ғылыми-зерттеу жүргізіп, тақырыпқа қатысты материалдарды мүмкіндігінше толық қамтыған. Зерттеуде ғылыми тұжырымдар нақты көркем мәтін арқылы дәйектелген, алынған нәтижелер зерттеу тақырыбына сай.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2)жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертант зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттерге толығымен жеткен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертант Гулмария Турысбековнаның диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен жалпы құрылымында логикалық байланыс сақталған. Диссертация мазмұны кіріспе, негізгі екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдаулар жасаған. Ізденуші бұған дейін жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдауы анық көрінеді. «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісін» қазіргі заманғы қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар көрінісін, поэтикалық элементтерінің қолданылу қисындарын зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, интертекстуалдылық, құрылымдық, семиотикалық, герменевтикалық зерттеу әдістері ғылыми

			басшылыққа алынған. Сондай ақ, қазіргі кезеңдегі әдеби білім берудің мемлекеттік стандарты, оқу тұжырымдамалары, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары, оқытудың жаңа технологиялары туралы ғылыми-теориялық еңбектері теориялық негіз болмақ.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Оспанова Гулмария Турысбековнаның диссертациялық жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар біршама жаңа. Бұл жұмыс «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» көркемдік-эстетикалық ізденістерді арнайы нысан еткен алғашқы докторлық диссертация болғандықтан, зерттеу жұмыс тақырыбы өзекті және зерттеу нәтижелері жаңа деп айтуға негіз бар. Диссертацияда отандық қаламгерлердің әңгіме жанрындағы этномәдени құндылықтардың көрініс беруі көркемдік өріс тұрғысынан кешенді талданып, нақты зерттеулер жүргізілген. Диссертант Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділ, Б.Нұржекеев, Т.Нұрмағамбетов, т.б. жазушылардың шығармашылықтарындағы этномәдени құндылықтарды көркемдік шешімге кіріктірудегі өзіндік дара қаламгерлік қолтаңбасы, шеберліктің жаңа сипаттарын анықтауға тырысқан. Ш. Мұртаза, А. Алтай, Н. Ораз сынды автор шығармалары негізінде этномәдени құндылықтарды мәтін мазмұнына сіңірудегі қаламгерлік мұрат, шығармашылық жазу тәсілдері қарастырылып, алғаш рет зерттеліп, жүйеленгенін байқаймыз. Қаламгерлер туындыларындағы этномәдени аксиологемалар ұлттық формада және жалпыадамзаттық құндылықтар парадигмасында қалай көрініс тапқаны диссертациялық жұмыста сипатталады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жаңасы 25% кем)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Этномәдени құндылық, оның әдебиеттегі көрінісі тұрғысында сөз қозғау әдеби үдерістің тарихилығымен, көркем поэтикалық кеңістігімен қамтылатын, әдебиет тарихының қилы даму кезеңдерімен сабақтастықта, күрделі танымдық толқыныстарда ғана зерделеуге ынғай беретін салмақты, ауыр құбылыс екендігін

			кешенді түрде танымдық тұрғыдан зерттеу негізінде шешімін таба бастайтын мәселе. Сондықтан да әдебиетте жалпыадамдық құндылықтар – жеке ұлттық мәдени, рухани игіліктерді сақтап отыратын мәдени құбылыс ретінде әрдайым өзекті болады деп үлкен сеніммен айта аламыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жаңасы 25% кем)	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деп есептеймін. Аталмыш зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді қажет етпейді.
6.	Негізгі қорытынды-лардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел бола алады. Екі тарауға да қорытынды тұжырымдар жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма?	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысы барысында барлығы 8 ғылыми мақала жарық көрген. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 11 ғылыми мақала жарияланыпты. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында – 1; халықаралық конференцияларда – 4; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы

		1) ия; **2) жоқ** 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.5Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда – 5; ұлттық қоғамдық-саяси журналда 1 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған **1) ия;** 2) жоқ	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған.

		8.2Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі қазақ әдебиетін және оның даму заңдылықтары мен үрдістерін этномәдени құндылықтар және оның көркемдік өрісі мәселелерінде танып, зерттеудің қазіргі заманғы әдеби ағымдар мен бағыттар ықпалындағы өзіндік айрықшалықтарын зерттеуде дәйек, дереккөз бола алады. Сонымен бірге орта, арнайы, жоғары мектептерде жүргізілетін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы» сынды негізгі және арнаулы курстарында, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

		8.3Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Әдебиеттанудың зерттеу обьектісі көркем мәтін болғандықтан ғылыми жұмыс мәтін талдаумен терең байланысты, осы ретте докторант теориялық қорытындыларды тәуелсіздік тұсында қазақ әңгіме жанрында этномәдени құндылықтарды өзек еткен қаламгерлердің (Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділ, М.Мағауин, Б.Нұржеке, Т.Нұрмағамбетов, А.Алтай, Н.Ораз, Ж.Қорғасбек, Р.Мұқан, А.Кемелбаева) жазу тәсілін мазмұндық, құрылымдық, стильдік тұрғыда саралаған. Және де әлемдік әдеби дамудың жаһандану тұсында қазақ әңгімесінің трансформациялануын салыстыра қарастырған. XXI ғасырдағы әдеби дамудың этномәдени құндылықтар бағытындағы ерекшеліктерін қазақ әңгімесінің қазіргі көркемдік өрісі бойынша бағамдау, тану ұстанымында ғылыми-теориялық байламдар жасауды ұштастыра білген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған**/ішінара расталған/расталмаған	Диссертацияда теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және зерттеулер дәлелденген. 1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1979. – 360 б. 2. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б. 3. Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: Зерттеулер. – Алматы, «Қаратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2015. – 404 б. 4. Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы, 2003. – 183 б. 5. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасындағы әдеби ағымдар және көркемдік әдіс: филол.ғыл.док. – дис. – Астана, 2009. – 278 б. 6. Пірәлі Г.Ж. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 214 б.

			7. Жанұзақова Қ. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. – Астана: «Есенбекова» ИП, 2009. – 450 б. 8. Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы. – Алматы: ҚазМемҚазПУ, 2012. – 273 б. 9. Қалиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д.», 2012. – 200 б. Ұсынылған болжамдар мен пайымдаулар осы саладағы ғалымдар мен зерттеушілердің сілтемелері арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті** /жеткіліксіз	Зерттеу жұмысында Этномәдени құндылықтар мен аксиологиялық парадигмалар, қазақ әдебиетінің тарихы мен проза поэтикасына, мәдениеттану мен этнографияға қатысты отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері жан-жақты қамтылған. Нәтижесінде пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 142 дереккөз көрсетілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Диссертант зерттеу жұмысында этномәдени құндылық ұғымының тарихына, Қазіргі әңгімедегі этномәдени құндылықтар дискурсына, Шерхан Мұртаза әңгімелеріндегі этномәдениет интерпретациясына, салт-дәстүр арқылы көрініс тапқан этномәдени құндылықтарға, Асқар Алтай әңгімелеріндегі аксиологиялық парадигмаларға жеке-жеке талдау жасаған. Зерттеуге өзек болған қаламгерлердің әңгімелеріндегі образдарды, символдар мен детальдарды, автордың көркем интерпретациясын нақты мысалдармен дәлелдеуі жеткілікті дәрежеде. Алынған теориялық тұжырымдар қазіргі әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;**	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы» сынды негізгі және арнаулы курстарында, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

		2) жоқ	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2)ішінара жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3)жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Оспанова Гулмария Турысбековнаның философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» тақырыбындағы докторлық диссертациясы барлық талаптарға сәйкес келеді, аяқталған жұмыс.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен рәсімдеу талаптарына сәйкес келеді. Оспанова Гулмария Турысбековнаның (6D021400/8D02308 –Әдебиеттану) бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған зерттеу жұмысында ҚР ҒЖБМ талаптары сақталған.
11	Диссертацияға ескертулер		Жалпы диссертациялық жұмыс талапқа сай жазылған. Дегенмен диссертациямен танысу барысында төмендегідей кемшіліктер байқалды: 1. Диссертацияда стильдік қателер бар (31 б.); 2. А.Алтай шығармасынан үзінді келтірген (132 бетте), бірақ сілтеме көрсетілмеген. Алайда, бұл көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймыз.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 11 мақаласы жарық көрген. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында – 1; халықаралық конференцияларда – 4; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда – 5; ұлттық қоғамдық-саяси журналда 1 мақала жарияланды.Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.

13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша қорғауға ұсынылған. Оспанова Гулмария Турысбековнаның (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
Абай атындағы ҚазҰПУ,
академик С. Қирабаев атындағы
қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Найманбаев А.А.

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
ҚОЛЫ НАО «КазНПУ им Абая»
ПОДПИСЬ